

1997 жылғы 18 қарашадағы сериясы ГКИ N 1016 (мұнай) лицензияға өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 27 желтоқсан N 1725

Қазақстан Республикасы Президентінің "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 1996 жылғы 27 қаңтардағы N 2828 U962828 заң күші бар Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1997 жылғы 18 қарашадағы сериясы ГКИ N 1016 (мұнай) жер қойнауын пайдалану құқығына арналған лицензияға мынадай өзгерістер енгізілсін:

бетпараптағы "ДЕН НОРСКЕ СТАТС ОЛЬЕСЕЛЬСКАП а.с." деген сөздер "СТАТОЙЛ ҚАЗАҚСТАН а.с." деген сөздермен ауыстырылсын;

1.1. және 1.3.-тармақтардағы "ДЕН НОРСКЕ СТАТС ОЛЬЕСЕЛЬСКАП а.с." деген сөздер "СТАТОЙЛ ҚАЗАҚСТАН а.с." деген сөздермен ауыстырылсын;

1.4.-тармақтағы "ДЕН НОРСКЕ СТАТС ОЛЬЕСЕЛЬСКАП а.с. - 1972 жылғы 14

маусым" деген сөздер "СТАТОЙЛ ҚАЗАҚСТАН а.с. - 1996 жылғы 20 қараша" деген сөздермен ауыстырылсын;

1.5.-тармақтағы "ДЕН НОРСКЕ СТАТС ОЛЬЕСЕЛЬСКАП а.с. Харольд Норвик, бас басқарушы" деген сөздер "СТАТОЙЛ ҚАЗАҚСТАН а.с. - Бионорн Морденсен, бас менеджер" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі осы қаулыдан туындайтын қажетті шарапларды қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК